

С.Қ.ҚҰЛМАНОВ

БҰЙРЫҚТЫҚ МОДАЛДІГІНІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

1. Жалпы мәлімет. Бұйрық мәнді бірліктердің мағынасын талдаған кезде оның интегралды семантикалық белгілері ретінде төмендегі белгілерін көрсетуге болады: 1) бұйрықтылық, 2) тыңдаушыға (адресатқа) тікелей қаратыла айтылу, 3) «келер шақ мағынасындағы өткен шақ» (футурально-презентная перспектива) [1, 14].

Бұйрықты сөйлеу актісінде сөйлеуші мен тыңдаушының арасындағы қатынас екі түрлі болады: 1) Коммуниканттардың әлеуметтік арақатынасын білдіретін қатынас. Бұл қатынас индивидтің өмірімен қоғамдық шарттарымен, оның әлеуметтік дәрежесімен байланысты болады. Бұларды *узальды* қатынастар деп атауға болады; 2) Сөйлеушінің өзінің сөйлеу мәнерін сипаттайтын қатынас. Олар адам психикасының эмоциональды жақтарының көрінуіне байланысты болады. Бұл қатынастарды *бейузуальды* деп атауға болады.

Бұйрықты сөйлемдердегі узальды қатынастардың түрі болады: а) бұйрықты жағдайдағы «сөйлеушінің тыңдаушыға тәуелділігі», «тыңдаушының сөйлеушіге тәуелділігі», коммуниканттардың бір-біріне тәуелсіздігі сияқты белгілерінен көрінетін әлеуметтік бағыныштылық (субординация) қатынастар; ә) тұлға аралық қарым-қатынастардың (ресми, ресми емес, достық, дөрекі) сипатын көрсететін әлеуметтік қатынас [2, 25-35].

Қозғау салу жағдаяттары *жұмсартылған, бейтарап және үзілді-кесілді* қозғау салу жағдаяттары деп бөлінеді [3, 35-42]: 1) жұмсартылған қозғау салу жағдаяты: жалыныш; өтініш: –*Тентек қыз, әрі жүрсеңдеймін* (А.Шамкенов); –*Күн шыққанша кідіре тұрсақ* (Д.Досжанов); –*Тым болмаса біздің үйдіңақ-су шайынан ауыз тиіңдер* (Ғ.Мүсірепов); 2) бейтарап қозғау салу жағдаяты: шақыру; сақтандыру, ақыл-кеңес: –*Жоғары шық, Махмұт* (Д.Әбілев); –*Құлыным-ау, көп жүгіре бермесеңші... Құлап қаласыңдай, жүгірме* (Д.Исабеков); –*Есті кісілердің қатарында болғыңкелсе, күніне бір мәрте, болмаса жұмасында бір, еңболмаса айында бір, өзіңнен өзіңсеп ал* (Д.Досжанов); 3) үзілді-кесілді қозғау салу: талап ету; команда; бұйыру болып бөлінеді: –*Салғыласпай жүр енді. Кеттік* (А.Шамкенов); –*Менің қатынымның үш алтын сырғасы бар. Ал, неғыласың? Так што, бізбен манаурап сөйлескеніңді қой, білдіңбе*

(Ш.Мұртаза); – *Ал, жігіттер, қимылдаңдар! Кірпішті жеткіз, топырақты тасы* (І.Жан-сүгіров).

Е.Е. Кондзеля бұйрықтық мағыналарды *тура, жанама және жасырын* (имплицитный) деп үш топқа бөледі. Бұйрықтық модалдігінің шет аймақтық құралдары (периферийные средства) бұйрық мағынаны беретін маркерлердің бар/жоқтығына, «бұйрықтық дәрежесіне» байланысты бөлінеді.

Жасырын бұйрықты сөйленімдердің ішінде сөйлеу стереотиптері – кейбір жағдаяттардың жиі қайталануына байланысты кейбір тұрақты қайталанып тұратын құрылымдар көптеп кездеседі. Стереотиптердің көбі іс-әрекет жүзеге асырылатын орынға байланысты қарым-қатынас жағдайында туындайды. Мысалы, дүкенде: *Менің балам бар еді, Менің ақшам тура* деген сөйлемдер «кезексіз қызмет жасалу керек» деген мағынаны береді. Қарым-қатынастың тәсіліне (көзбе-көз, алыстан, біреу арқылы) байланысты бұйыру орындаушыға тікелей, не жеткізуші (транслятор) арқылы беріледі. Бұйрық білдіруде қарым-қатынас жағдаятының психологиялық жағдайы, коммуниканттардың жас ерекшелігі, әлеуметтік орны, ұлты (ана тілі) ескеріліп отырады. Мұнда коммуниканттардың кәсіби рөлі де ерекше маңызға ие. Мысалы, басқа кәсіби топтарға қарағанда бұйрықты сөйленімдерді мұғалімдер көп қолданады [4, 6-16].

Ерік білдірудің әр қилы мағыналық реңктеріне сөйлемнің арнайы өзіндік интонациялары сәйкес келеді. А.М. Пешковский «тілде бұйрықтық мағынаны білдіретін арнайы тұлғалар (бұйрық рай тұлғасы) және қозғау салудың (бұйрық, өтініш, кеңес т.б.) арнайы интонациясы болады», – деген болатын [5, 464]. Осы пікірді А.Вежица төмендегідей үлгіде көрсетеді: «Менің ойымша, бұйрық мағынасы оның айтылу интонациясына байланысты. Жалыну интонациясы арқылы айтылған *Келші!* сөйлемі *Мен сенің келуіңді өтінемін* дегенді; бұйрықты интонациямен айтылған *Кел!* сөйлемі *Мен саған келуді бұйырамын* дегенді; кеңес интонациясымен айтылған *Кел!* сөйлемі *Мен саған келуге кеңес беремін* т.б. деген мағынаны білдіреді» [6, 256]. Бұл арнайы интонацияның бұйрық мағынаны білдіретін грамматикалық құрал ретінде қарастырылуы мүмкін және керек екендігін көрсетеді.

Сөйлеуде әдетте бұйрықтың себебі мен мотивтері, әдетте айтылмайды және талқыланбайды. Оған себеп бұйрықты әдетте оны орындауға міндетті бағынышты, қол астындағы адамға бастық адам береді: *–Бол! Тап табанда!* (Ш.Мұртаза); *–Әкел, тез!* (Д.Әбілев); *–Петров, алға!* (С.Оспанов); *–Ротаны жина!* (Т.Ахтанов).

Сөйлеуші іс-әрекетті орындауға рұқсат сұраған өтінішті қабылдай отырып және оған рұқсат бере отырып орындаушының іс-әрекетті орындайтынына сенеді. Рұқсат сұраушы сөйлемдердің тұлғалық ерекшелігі – оларда әдетте мүмкіндік беру, рұқсат ету, істей салу, болу етістіктері, сондай-ақ мүмкін модаль сөзінің қатыса алуы: *–Наташаға баруға бола ма? – Бар* (А.Шамкенов); *–Біз ертең Наташаға екеуміз үлкен театрдың филиалына барайық деп едік, сағат бестерде келемін. Баруға бола ма? – Әрине* (А.Шамкенов); *–Мен малды шолып қайтайын. Көп кідірмеспін, күттірмеспін. – Айналайын, келінжан, рұқсат, бар-бар!* (Д.Досжанов); *–Темекі тартуға рұқсат етіңіз? –Тарта бер* (С.Нұрғалимов). Кейде рұқсат сұрау туралы өтініш көрсетілген қалыпты тәсілмен берілмеуі де мүмкін: *–Ақыш жезде, рұқсат ет, шай беріп қана шығамын. –Бар* (Д.Әбілев); *–Мен өз достарымды шақырамын. –Маған бәрібір, өзіңбіл* (Ш.Мұртаза); *–Хасен, саған бір сөз айтайын деп едім. – Айт, айт* (С.Оспанов).

Рұқсат беруді білдіретін бұйрықты сөйлемдер қысқалығымен ерекшеленеді. Іс-әрекет орындаушысы, жағдаяттың басқа қатысушылары, іс-әрекеттің орындалатын жағдайлары – барлығы сөйлеушіге алдыңғы тілдік (вербальная ситуация) немесе тілдік емес (невербальная ситуация) жағдаяттан белгілі. Бұйрықты сөйлемдер бұйрық мағыналы сөздерден тұруы немесе мүмкін, жақсы, жарайды, әрине, мархамат т.б. түріндегі рұқсат беру формулаларының бірінен тұруы мүмкін: *–Айтан Жорасевич, үш адам келіп тұр. Оларды бүгін қабылдайсыз ба? –Кірсің* (Б.Мұхай); *–Күте тұрайық. –Мейлі* (А.Шамкенов), *–Рас, хат жаза алмадым, айып менде. Бірақ қайда жүрсем де, сендерді есімнен екі елі шығарғам жоқ. Оған сен. – Жарайды* (С.Оспанов). Егер рұқсат сұрау туралы сөйлемнің құрамында болымсыздық элементі бар болса, онда жауап бұйрықты сөйлем рұқсат беруді емес, ал іс-әрекетті орындамауға тыйым салуды білдіреді: *–Мама, мен серуендеуге бармасам бола ма? – Жоқ болмайды. Бар* (Ауызекі).

Рұқсат беру мағыналары кейде сөйлеушінің белгілі бір іс-әрекеттің орындалуына немқұрайдылық танытуына немесе мәжбүрі түрде көнуіне бай-

ланысты болады: *–Жә, мұрнына күлсе күле берсін* (Ә.Нұрпейісов); *Құдіреті күшті құдай бұл пәниде беттегі ажар мен бойдағы қайратты, жүректегі сараңқатынныңсығымына салып мысқылдап өлшеп берсе берсін* (Ә.Нұрпейісов).

Бұйрық райлы кез келген етістік семантикалық жағынан бұйрықты сөйлемдерде қолданыла бермейді. Мысалы, *пайда болу, шық, табыл* т.б. етістіктерінің II жақ жекеше түрі сөйлем контексіне қарай, бұйрықты сөйленімдерде қолданылмауы мүмкін: **Астанада пайда бол.* Бұндай жағдайлар бұйрықты сөйлемдерде әдетте бақылауға алынатын жағдаяттардың (контралируемые ситуации) білдірілуіне және тыйым салу жағдаятына бақылау жасалудың мүмкін еместігіне байланысты болады.

Бұйрықты сөйлемдерде, әдетте ұдайы қасиеттер мен қатынастарды білдіретін *биік болу, қара көзді болу, иелену, қатысты болу, есептесу, жату* (бір топқа жату деген мағынада), *тұру* (бір нәрседен тұру деген мағынада), *құрау* т.б. (Салыстыр. *Бұл адам ақсүйектер тобына жатады, бірақ *Ақсүйектер тобына жат* деп айтылмайды); кеңістіктегі орынды білдіретін *пайда болу, табылу, болу; тарту* сияқты өлшеу етістіктері, *қалау, бола алу* модаль етістіктері, *көру, есту* сияқты сезім етістіктері қолданылмайды. Бұл жағдай осы көрсетілген және осыған ұқсас етістіктердің бақылауға алынбайтын жағдаятты білдіретіндігімен түсіндіріледі. Сонымен қатар, бақылауға алынбайтын жағдаятты білдіргенімен бұйрықты сөйлемдерде қолданыла алатын етістіктер де бар. Бұлар, біріншіден, өздігінен болмайтын физикалық іс-әрекеттер мен жай-күйді білдіретін *дем алу, жөтелу, тоңу, құлау, тайып кету, соғылу, дірілдеу, терлеу, дені сау болу, өлу, өсу, ауыру, оңлау, семіру, азу* етістіктері, екіншіден, *айтып қою, ауыстырып алу, жоғалтып алу, ұмыту* сияқты «қателесуді» («ошибочное поведение») білдіретін етістіктер. Келтірілген және осыған ұқсас етістіктердің мұндай ерекшеліктері кейбір жағдайларда орындаушы әдетте бақылау жасауға болмайтын жағдаятты «бақылауға алуымен» түсіндіріледі. Мысалы, қандай да бір шектеулі уақыт аралығында күш салу арқылы бақылауға алынбайтын іс-әрекеттің өл-шемін, қалпын өзгертуге болады. Бұған ең жақсы мысал ретінде дәрігердің пациентке дем алуын, яғни әдеттегі дем алуынан бөлек, тереңдем аруды өтінуді алуға болады; *–Иә, – деді лейбобер-доктор, халыңыз қалай? Асқазан ше? Ішіңіз өтті ме?.. Қанша рет? Дем алыңыз* (Л.Кассиль).

Бұл жағдайдан басқа имитация (алдамшы) жа-

салатын жағдаяттарды да қосуға болады. Имитациялық іс-әрекет әдетте театр мен кинода кездеседі. Дайындық кезінде актерлер режиссерден маман емес адамдарға қызық көрінетін және мүмкін емес болып көрінетін бұйрықтар мен өтініштер алып жатады: *Капитал, әдемілеп құлаңыз! Жақсы! Капитал жақсылап дем алыңыз! Жақсылап қалшылдаңыз!* (В.Маяковский). Мұнда бақылауға алуға болмайтын жағдаяттарды сөйлеуші бақылауға алдым деп көрсеткісі келеді, бірақ ол ақиқат болмысқа сәйкес келмейді. Мұнда бұйрықты сөйлеу актісінде ақиқат болып жатқан жағдаят көрсетіледі, бұйыру бұл жағдаяттың қалпын өзгерте алмайды: *Піс, қазаным, піс; Ұр, тоқпағым, ұр* (Қазақ ертегілері); *Меніңаяғым кепкей, жыланныңаяғым кептегей* (Балалар ойыны). Бұдан әрі ақиқат түрде болып жатпаған оқиғалар алынады, сөйлеуші бұйрықты сөйлемді айта отырып, келешектегі жағдаяттың жүзеге асырылуын бақылауға алуды имитациялайды, бірақ жағдаяттың жүзеге асырылуы немесе асырылмауы сөйлеушіге де, орындаушыға да тәуелді болмайды. Сөйлеуші бақылауға алынбайтын жағдаяттың орындалуын бақылауға алуға имитация жасағанда, осы жағдаяттың жүзеге асырылуының қалауын ғана білдіреді.

Қазақ тілінде есімдік бастауыш етістіктен бұрын келсе де, кейін келсе де қозғау салу модалділігін мағыналық жағынан күшейтеді, ал етістіктен кейін келгенде эмоциональды-экспрессивті мән береді: *Сен айтқанды істе* (Ш.Мұртазаев); *Тыңда сен. Қызық түгі жоқ* (Ә.Нұрпейісов).

Мағынасына қарай бақылауға алынбайтын жағдаяттарды ғана білдіретін сөйленімдерде қолданылатын толықтауыш мүшелер кездесетіндігін де айта кетуіміз керек. Мұндай сөйлемдер бақылауға алынатын жағдаяттарды бақылауға алынбайтын жағдаяттарға айналдырады. Мысалы, *қиналмай, қинала отырып* тәрізді кимыл сын үстеулері хабарлы сөйлемдерге еркін енеді: *Қарт қапшықты алып келді* ® *Қарт қапшықты қинала отырып алып келді*; *Бала есікті ашты* ® *Бала есікті қиналмай ашты*. Бірақ ол сөздерді бұйрықты сөйлемдерге енгізуге болмайды: *Қарт қапшықты алып кел* ® **Қарт, қапшықты қинала отырып алып кел*; *Бала есікті аш* ® **Бала, есікті қиналмай аш*.

2. Тыйым салу (прохибитив) мағыналары. Хабарлы сөйлемдер болымды (*Бала жақсы оқиды*) және болымсыз (*Бала жақсы оқымайды*) сөйлемдер болып бөлінетіні белгілі. Мұндай қарама-қарсы сөйлемдер бұйрықты сөйлемдерде де кездеседі: *Бала, жақсы оқы және Бала, жақсы оқыма.*

Бірінші сөйлемнің арнаулы термині жоқ, олар *бұйрықты сөйлемдер* деп, ал екінші сөйлемдер *тыйым салу* (прохибитивті) *бұйрықты сөйлемдер* деп аталады.

Болымсыз (*Бала жақсы оқымайды*) және тыйым салу (*Бала жақсы оқыма*) сөйлемдерінің мағыналық айырмашылығы – болымсыз сөйлемдерде болымсыздық операторы бүкіл сөйлемге тән болса, тыйым салу сөйлемдерінде ерік білдіру болымсыздық операторына қатысты болмайтындығында. Бұйрықты сөйлемдерде тыңдаушыға сөйлеушінің іс-әрекетті орындауға қатысты, ал тыйым салу сөйлемдерінде іс-әрекетті орындамауға қатысты бұйрығы білдіріледі.

Ерік білдіруді іс-әрекетті істемеуге қатысты тыйым ретінде қарастырсақ, онда тыйым, біріншіден, сөйлеу мезгілінде әлі орындалып жатпаған іс-әрекетке қатысты болады: *–үйіңнің сүйегін әкеп бер де, түйеңді ал. Одан беріде маңымнан жүрме* (Д.Өбілев); *–...шеттерінен сойып алып, аттарыңды қайтарып берем! –Жоқ, олай етпе* (Ғ.Мүсірепов); *–Апа, далаға барайын? –Қой балам. Киіміңді былғайсың* (С.Жүнісов). Тыйым, екіншіден, сөйлеу кезінде орындалып жатқан іс-әрекетке қатысты болуы да мүмкін: *–Суға барам, отыр, айналайын! – Мен де барамын. – Қой барма! Су терең, ішінде жайын бар* (І.Жансүгіров); *–Не болды мұрындарыңды тартып. Тоқтатыңдар. Тоқтатыңдар деймін сендерге. Өңшеңборкемік жылдауықтар! Сонан соңекінші ән айтушы болмаңдар* (Д.Исабеков); *– Ән айтуға бұдан былай тыйым саламын* (Д.Исабеков).

Тыйым белгілі жаққа да (*–Руссия – теңіз емес, мұхит. Сіз бен біз, асса, тәжірибелі кемешілер ғанамыз. Желдіңығын таныйық. Толқынға қарсы ескек ұрмайық* (М.Мағауин); *–Сіз ол өткен жайында сөз айтушы болмаңыз* (С.Камалов), белгісіз жаққа да (*Ешқашан бейтаныс адамдармен сөйлеспендер*) қатысты болуы мүмкін. Тыйым салу сөйлемдерінің бұйрық (фактивті): *–Жоқ, қаптама! Қырылып қаласың, шаппа! Тоқта, шаппа, – деп Ыбырай ақырып тоқтатып қалды* (М.Әуезов); *Кісі келгенде ауыздарын ашушы болмасын* (С.Камалов) және рұқсат бермеу (пермиссивті) реңкі болады: *Мама, мен серуенге барсам бола ма? – Жоқ, барма; – Ата мен кете берейін бе? – А! Жоқ, отыр. Дем алсайшы* (Ж. Нәжімеденов).

Егер рұқсат сұралатын сұраулы сөйлем болымсыз тұлғада болса, онда оның жауабы іс-әрекетті орындауға тыйым салмауды емес, іс-әрекетті орындамауға рұқсат беруді білдіреді: *Мама, мен серуенге бармасам бола ма? – Жақсы, бармай-ақ қой.*

Сонымен рұқсат сұрау реңкті тыйым салу сөйлемдері не іс-әрекетті орындауға тыйым салу, не іс-әрекетті орындамауға рұқсат беруді білдіреді. Бұйрық реңкті (фактитивті) тыйым салу тек қана іс-әрекетті орындауға тыйым салу мағынасын береді.

3. Ескерту (превентивные) мағыналары.

Тілде тыйым салу сөйлемдерімен қатар (*Байқамай*) *Айттып қойма*, (*Байқамай*) *Мені алдап қойма*, (*Байқамай*) *Шыныны сындырып алма* сияқты ескертпе (превентивные) сөйлемдер кездеседі.

Ескертпе сөйлемдер мағынасы жағынан, бір жағынан, тыйым салу сөйлемдерімен ұқсас келсе, екінші жағынан, олардан айырмашылығы болады. Ұқсастығы – ескертпе сөйлемдерде, тыйым салу сөйлемдеріндегі сияқты, сөйлеушінің тыңдаушыға бағытталған іс-әрекетті орындамауға қатысты бұйрығы (еркі) берілгендігі болса, айырмашылығы – сөйлеушінің бұйыруы (ерік білдіруі) іс-әрекетті орындаушы жағдаятты бақылауға алып, сөйлеушінің ойынша, жүзеге асырылған жағдайда, не орындаушыға, не сөйлеушіге, не басқа біреуге зияны тиетін іс-әрекетті орындамаса екен деген тілек болып табылатындығы.

Ескертпе сөйлемдерде әдейілеп орындалуы мүмкін немесе орындалуға тиісті іс-әрекетке қарсы ескертпе айтылады. Ескертпе сөйлемдерде еріксіз және соған сәйкес бақылауға алынбайтын *суық тиіп қалмасын*, *тайып кетпе*, *күйіп қалма*, *батып кетпе* тәрізді орындаушыға залал келтіру мағынасын білдіретін етістіктер қолданылады. Дегенмен ескертпе сөйлемдерде орындаушының бақылауымен өтетін іс-әрекетті білдіретін етістіктер де қолданылады. Бірақ сөйлеушінің ойынша, орындаушы жағдаятқа толық жауап бере отырып, осы іс-әрекетті жүзеге асырмауы керек, себебі оның жүзеге асырылуы басқа біреуге залалын тигізуі мүмкін. Мысалы, *бір нәрсені алып кету* деген сөз тіркесі бақыланатын іс-әрекетті білдіреді. Бірақ кейбір жағдаяттарда бұл бақыланатын іс-әрекетті орындауға болмайды, өйткені оның жүзеге асырылуы орындаушы алдын ала байқай алмаған зиянды салдарға әкеліп соғады, сондықтан сөйлеуші бұл іс-әрекеттің кездейсоқ орындалмауын ескертпе сөйлемдерде алдын ала ескертуді, сақтандырады. Бұл іс-әрекет әдейілеп, қасақана да істелмеуі керек: *Журналды алып кетпе*, *оқырман біздің басымызды алады*. Бұл нақты жағдаятта орындаушы жағдаятқа сай журналды алып кетпеу керек, себебі бұл әрекеттің орындалуы сөйлеушіге зиянын тигізеді. Жоғарыдағы жағдайлар ескертпе сөйлемдердің айрықша ерекшеліктерін көрсетеді. Ескертпе сөйлемдердің тыйым салу сөйлемдерінен айырмасы – оларға (ес-

кертпе сөйлемдерге) сәйкес бұйрықты сөйлемдер жоқ. Оны дәлелдеу үшін ескертпе сөйлемдерге болымды мағыналы элемент енгізейік. Мұндай жағдайда мағынасыз сөйлемдер пайда болады: (*Байқамай*) *Айттып қойма* ®* (*Байқамай*) *Айттып қой*. Бұл жағдай етістік іс-әрекетті орындаушы бақылауға ала алмайтын еріксіз қате іс-әрекетті білдіргенде жүзеге асады, ал мұндай іс-әрекеттер бұйрықты сөйлемдерде білдірілмейді. Кейбір жағдайларда ескертпе сөйлемдер болымды түрде келгенде мағыналы сөйлемдер жасауға болады: (*Байқамай*) *Шыныны сындырып алма* > (*Байқамай*) *Шыныны сындыр*. Мұндай жағдай етістік әдейі де, әдейі емес те, яғни кездейсоқ та жүзеге асырылатын іс-әрекетті білдіруі мүмкін. Ескертпе сөйлемдерде қасақана емес, кездейсоқ іс-әрекет берілсе, бұйрықты сөйлемдерде әдейі және бақылауға алуға болатын іс-әрекет айтылады.

Ескертпе сөйлемдерді, бір жағынан, тыйым салу сөйлемдерімен қатар бұйрықты сөйлемдердің болымсыз түрі (корреляты) ретінде түсінуге болса, екінші жағынан, олардың тыйым салу сөйлемдерінен айырмасы – ескертпе сөйлемдердің сәйкес бұйрықты сөйлемдері болмайды. Дегенмен, ескертпе сөйлемдердің бұйрықты сөйлемдерге де, тыйым салу сөйлемдеріне де ұқсамайтын семантикалық ерекшеліктері болады. Бұйрықты және тыйым салу сөйлемдеріне ерік білдіру не сөйлеу кезінде әлі басталмаған, не сөйлеу кезінде болып жатқан іс-әрекеттерге қатысты болады.

Ескертпе сөйлемдерде ерік білдіру, дәлірек айтсақ, тілек-қалау тек қана келер шақтағы іс-әрекетке қатысты болады: *–Байқа, айға ұмтылып, арыстандай мерт болып жүрме* (А.Шамкенов). *–Құпия әңгімелерің бітпеген болса, мен кедергі жасамайын, – деді қу келіншек. –Бірақ сен байқа, Наурыз, қайын сіңлімді ренжітіп жүрме* (С.Балғабасев); *–Байқа, бас салып түрмеңе қамап жүрме, жолдас шекарашы* (Б.Нұржекеев).

Бұйрықты сөйлемдерде де, тыйым салу сөйлемдерінде де әрі бұйрықты (фактитивті), әрі рұқсат беру (пермиссивті) реңктері болады. Ал ескертпе сөйлемдерде тек қана бұйыру (фактитивті) реңкі болады.

Ескертпе сөйлемдердің тұлғалық ерекшеліктері туралы айта отырып, олардың *контекспен байланыстылығын* (контекстно обусловленный) атап өту керек. Бұйрықты және тыйым салу сөйлемдері олардың құрамына қандай да бір міндетті емес синтаксистік элементтердің енуіне байланыссыз еркін қолданылады. *Есікті жап*, *Есікті жабуып қой*, *Есікті жаппа* деген сөйлемдер грамматика-

лық жағынан да, мағыналық жағынан да дербес толық сөйлемдер болып табылады. Ескертпе сөйлемдердің табиғаты басқаша. Егер (*Байқамай*) *Айтып қойма, (Байқамай) Шыныны сындырып алма* сияқты сөйлемдер дербес, толық және жарамды болса, **Есікті жсауып жүрме; *Қайтып келіп жүрме* тәрізді сөйлемдер туралы бұлай айтуға болмайды. Бұл сөйлемдер тыйым салу мағыналарын білдіреді. Бірақ *Сен байқамай есікті жсауып жүрме; Сен кездейсоқ орта жолдан оралып жүрме* деген сөйлемдер қолданылуы логикалық жағынан дұрыс болады. Сонымен есімдік бастауыш іс-әрекеттің әдейі еместігін білдіретін *байқамай, абайламай, кездейсоқ, жазатайым* сөздерімен ескертпе сөйлемдердің дұрыстығын дәлелдейтін контекстік элементтер қатарына жатады: *Әй, дүлей, абайла. Біреудің жалын жазатайым жарып таптама* (Ш.Мұртаза). Ал **Диссертацияңды қорғап қойып жүрме, *үйге барып қойып жүрме, *Ағаңа қоңырау шалып қойып жүрме* т.б. сөйлемдері дұрыс сөйлемдер қатарына жатпайды. Бірақ бұларға жоғарыда көрсетілген және соларға ұқсас контекстік синтаксистік элементтерді енгізгенде олар дұрыс сөйлемдерге айналады: *Мен жоқта диссертацияңды қорғап қойып жүрме; Сен байқамай үйге барып қойып жүрме; Сен кездейсоқ ағаңа қоңырау шалып қойып жүрме.*

Ескертпе сөйлемдердіңтағы бір тұлғалық ерекшелігі оларда ашық түрде сақтандыру, ескерту мағынасын білдіретін мағынасынан айрылған *байқа(ңыз)* сөзі еркін қолданыла алады: *—Енді қақпаныңды маған құрайын деген екенсің. Байқа, өзіңтүсіп қалып жүрме!* (А.Шамкенов); Максим. *...бір-бірден тартып жібереміз-ау деймін, директор жолдас, қалай қарайсың?* Болат. *А, мейлі. Баян. Жұрт жиналғанша саудаларыңбітіп қалмасын, байқаңдар* (А.Шамкенов); *—Әлдекімнің шашбауын көтеремін деп жүріп күйіп кетпе. Байқа, шырағым* (Б.Мұхай). Бұл императив тұлға жоғарыда айтылған ескертпе сөйлемдердің дұрыстығын дәлелдейтін контекстік элементтер қатарына жатады. Салыстыр. **Ағаңа қоңырау шалып қойып жүрме – Байқа, ағаңа қоңырау шалып қойып жүрме.*

Негізгі мағынасы *байқа(ңыз)* деген лексикасынан айрылған императив болып табылатын сөйлемдердің көптеген түрі кездеседі. Бұйрықты және тыйым салу сөйлемдері де ескертпе сөйлем қызметін атқара алады.

Ескертпе сөйлемдердің бұйрықты және тыйым салу сөйлемдерінен айырмашылығы олар *байқа(ңыз)* императивінің де ескерту мағынасын бере алады, яғни ескертпе сөйлемдер үшін етістіктің бұйрық

рай түрі болуы міндетті емес. Ескертпе сөйлемдерге толық мағыналы етістік ашық райдың ауыспалы осы шақ тұлғасы арқылы берілген *Байқа, құлап қаласың* сияқты сөйлемдер де жатады. Мұндай болымды ескертпе сөйлемдерде, сөйлеушінің ойынша, орындаушы жағдаятты бақылауды жоғалтып, соған сәйкес жағымсыз іс-әрекетті орындауы мүмкін деп, оны сақтандырады.

4. Бұйрықты фактивті сөйленімдер. Бір рет істелетін іс-әрекеттің орындалуына бұйрық жасайтын фактивті сөйленімдер болымды бұйрықты сөйленімдердің негізгі бөлігін құрайды.

Кейбір жағдайларда бақылауға алынбайтын (орындауға болмайтын) іс-әрекетті орындауға да бұйрық берілуі мүмкін. Бұл жағдайда сөйлеуші оның еркіне тәуелсіз бұйрық берілместен бұрын басталған іс-әрекетке бұйрық бердім деп ойлайды: *—Қарағым, неге жылайсың? Ал, жыла, жыла (жылап ал, жылай бер). Саған сол керек* (Б.Мұхай).

Орындалуына бұйрық берілетін актуалды (өзекті) іс-әрекет бұйрықтың (прескрипция) берілу кезінде орындалуы мүмкін. Мұндай жағдайда бұйрықтың мақсаты жағдайға байланысты сөйлемде берілетін іс-әрекеттің қандай да бір нақты сапалық өлшемі (параметр) өзгертуге бағытталады: *Сіз бүгін өте ақырын айтып тұрсыз. Сізден өтінемін, ертеңқаттырақ айтыңыз* (С.Балғабаяв); *—Біздіңісімізде асығуға болмайды, сондықтан әрі қарай асықпай әрі өте сақтықпен жұмыс жасаңыздар. —Жібер! Жібер деп тұрмын ғой саған!* (Ә.Нұрпейісов)

Бұйрықты сөйлемдерді бұйыру (фактивті) және рұқсат ету (пермиссивті) деп бөлуге болады. Фактивті реңктер бұйрықты сөйлемдерді айту сөйлеушінің мүддесіне қатысты болса, пермиссивті сөйлемдерде – сөйлеушіге ерік білдіру туралы өтініш айтатын тыңдаушы болып табылады. Фактивті сөйлемдердің ішінен еңмаңыздылары бұйыру, өтіну, талап ету, ұсыныс мағыналары болса, пермиссивті сөйленімдерде – рұқсат ету мағынасы болып табылады, ал кеңес фактивті де, пермиссивті де мағынаны білдіруі мүмкін.

5. Бұйрықты сөйлемдерде тілек мағыналарыныңберілуі. Бұйрықтық мағыналары мен олардың килы реңктері қалау модалділігімен, сондай-ақ потенциалды модалділікпен, кейбір жағдайларда сөйлеушінің өзінің мүмкіндігіне, ішкі қажеттілігіне, ал кейде сөйлеушінің еркіне тәуелсіз таза объективті шарттармен байланысты іс-әрекеттердің орындалуына талпынысын білдіретін ниет модалділігімен де тығыз байланысты болады.

Тілек мағыналары білдіретін бұйрықты сөйлем-

дер сирек кездеседі. Оларда *жазылу, айығу, сауығу* т.б. етістіктер қолданылады. Мұндай сөйлемдерде толық және ішінара орындауға келмейтін (бақылауға алынбайтын) іс-әрекеттер «каузацияға» ұшырайды. Мұндай жағдайда бұйрық (прескрипция) тілек түрінде көрінеді: **Жазылып, күш жинаңыз** (Ауызекі).

Рұқсат беру сөйлемдерінің ерекшелігі – олар сұраулы сөйленімдер туғызатын жауап сөйленімдерден тұрады. Сұраулы сөйленімдер жауап беруші рұқсат ететін сөйленімдерде сөйлеушіге белгілі іс-әрекетті орындауға рұқсат беруге немесе рұқсат бермеуге тыңдаушыға қозғау салады: *–Телефонмен қоңырау шалуға бола ма? –Шалыңыз; –Сен неге менімен келістің? Сұрауға бола ма? –Сұра, сұра, сұрағыңкелсе.* Рұқсат беру сөйлемдерін талап ететін сұраулы сөйлемдер сұрақ кімнің пайдасына, мүддесіне қарай қойылатынына байланысты екі топқа бөлінеді: а) сұрақ қоюшының, ә) сұрақ арналушы жақтың мүддесіне қарай қойылатын сөйлемдер. Бірінші топтағы сөйлемдердің өзгешелігі – олардың құрамына әдетте *мүмкіндік беру, рұқсат ету, бола алу* сөз тіркестерінің, сондай-ақ *мүмкін, болмай ма* модаль сөздерінің, модальді тіркестердің енуінде. Мұндай сөйленімдердің біразында сөйленімнің мазмұнын өзгертпейтін, бірақ оны біраз сыпайы ете алатын болымсыздық элементтері енгізілуі мүмкін: *Лилия сыпайы үнмен сұрады: –Саша тәтей, сіз маған қоратты желімдеуге рұқсат емесіз бе (рұқсат етпейсіз бе)? –Жарқыным, нені қаласаңсоны желімде* (М.Булгаков). Бұл топтағы сөйленімдердің тұлғасы тіпті сұраулы болмауы да мүмкін: *–Мен, мен, – деп сыбырлады мысық. –Мен белгі беремін. –Сойт, – деп жауап берді Коровьев* (М.Булгаков).

Екінші топтағы сөйленімдердің тұлғалық ерекшелігі – олардың жақсыз бұйрықты құрылымдардан тұратыны. Бұл құрылымдарда инфинитив іс-әрекеттің орындауға рұқсат сұрауды білдіреді: *–Сізді шығарып салайын ба? –Иә, шығарып салыңыз, тек аялдамаға дейін.* Кейбір инфинитив құрылымдарға сөйлем мазмұнын өзгертпейтін, бірақ сыпайырақ етуі мүмкін болымсыздық

элементін енгізуге болады: *–Сізге дәрігер шақыру керек пе (керек емес пе)? –Егер шақыра алсаңыз шақырыңыз; –Сізге су әкелу керек пе (керек емес пе)? –Рахмет, әкеліңіз.*

Қорыта айтқанда, бұйрықтық функционалды-семантикалық өрісінің семантикалық құрылымы бұйрықты (фактитивті), тыйым салу, ескертпе және тілек-қалау мағыналарымен астасқан бұйрықты сөйлемдерден тұрады. Бұл өрістің орталығын (центр, ядро) бұйрықты және тыйым салу сөйлемдері, шеткері аймағын (периферийсында) ескертпе және тілек-қалау мағыналарымен астасқан сөйлемдер құрайды.

ӘДЕБИЕТ

1. Гулыга Е.В., Шендельс Е.И. Грамматико-лексические поля в современном немецком языке. М., 1969. 184 с.
2. Поройкова Н.И. К характеристике семантической структуры ситуации побуждения // Функциональный анализ грамматических аспектов высказывания. Ленинград, 1985. С.25-35.
3. Козырев В.И. Модальная характеристика безглагольных побудительных высказываний в современном русском языке // Функциональный анализ грамматических аспектов высказывания. Л., 1985. С.35-42.
4. Кондзеля Е.Е. Функционально-семантическое поле побудительности и реализация его конститuentов в русской речи: Автореф дис. ... канд. филол. наук. Киев, 1991. 17 с.
5. Пешковский А.М. Русский синтаксис в научном освещении. Изд. 7-ое. М., 1956. 511 с.
6. Везжица А. Речевые акты // Новое в зарубежной лингвистике. Выпуск 16. М., 1985. С.245-260.